*Президенттің тапсырмаларын орындау*

# ГАЗ БАҒАСЫН БАҚЫЛАУ ТУРАЛЫ

**Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің Facebook тегі парақшасында баллон газының бағасын төмендету бойынша қандай жұмыстар жүргізіліп жатқаны туралы жазды:**

**Құрметті Қарағанды облысының тұрғындары!**

Баллондардағы газдың бағасы бойынша көптеген өтініштер түсуде. Шынында да, қазір тек автомобиль газының бағасы белгіленді. Сондықтан, біз кейбір газ желісі ұйымдарымен бірлесіп, баллон газының да бағасын төмендету туралы шешім қабылдадық.

Бүгінгі күнде 8 компания тарапынан түсіністік бар. Олар – «AlemGaz» ЖШС, «Темір-Газ», «УГХ ГАЗОIL» , «Хантер АГЗС», «Автогаз Трэйд», «С-Мұнай», «KazEcoGaz LTD17» және «Алпамыс Атырау». Бұл компаниялар газды литріне 70 - 105 теңгеден сатуда.

Мысалы, Қарағандыда «AlemGaz»ЖШС баллондарды 1500 теңгеден 3000 теңгеге дейін жеткізу бағасынсыз сатуды бастады.

Теміртауда 25 литрлік баллон 2 500 теңге, 50 литрлік баллон 5 000 теңге тұрады.

Жезқазғанда баллонды газдың бағасы 130 теңгеден 88 теңгеге дейін төмендеді.

Балқашта баллон газының бір литрі 85 теңге тұрады.



Осы компаниялардың басшылығына түсіністік пен әлеуметтік жауапкершілік үшін алғыс айтамын. Баллонды газ бағасын төмендету бойынша жұмыс барлық өңірлерде басқа компаниялармен де жалғасатын болады.”

**Дереккөз: https://www.facebook.com/akimat.priozersk**

*Исполнение поручений Президента*

# КОНТРОЛЬ ЦЕН НА СОЦИАЛЬНО-ЗНАЧИМЫЕ ТОВАРЫ

**Аким города Приозерск Сапар Сатаев проверил продуктовые магазины города, с целью недопущения необоснованного роста цен на социально-значимые продукты.**

Выполняя поручение Президента страны К.Токаева, в городе Приозерск на сегодняшний день обеспечено бесперебойное снабжение граждан продуктами питания и товарами первой необходимости.

Для недопущения необоснованного роста цен на социально значимые продукты сотрудники отдела предпринимательства проводят рейды по торговым точкам города.

Данный вопрос является предметом постоянного контроля со стороны акима города Сапара Сатаева, который регулярно осуществляет проверку исполнения поручения Президента.

Нарушителей, допустивших необоснованный рост цен на продукты будут привлекать к строгой ответственности.

Также напоминаем читателям газеты, что в городе Приозерск, в канун новогодних праздников открылся социальный магазин




по улице Кисунько, д.1 Б, который торгует социально-значимыми продуктами и товарами по сниженным относительно рынка на 10-12% ценам.

**Источник: https://www.facebook.com/akimat.priozersk**

# О КОНТРОЛЕ ЦЕН НА БАЛОННЫЙ ГАЗ

**Аким Карагандинской области Женис Касымбек на своей странице в Facebook написал о том, какая работа проводится по снижению цены на баллонный газ:**

**"Уважаемые жители Карагандинской области!**

Поступает много обращений по стоимости газа в баллонах. Действительно, сейчас зафиксирована стоимость только на автомобильный газ. Поэтому, мы совместно с некоторыми газосетевыми организациями приняли решение о снижении цены и на баллонный газ.

На сегодняшний день со стороны 8 компаний уже есть понимание – ТОО AlemGaz, «Темир-Газ», «УГХ ГАЗОIL», «Хантер АГЗС», «Автогаз Трэйд», «С-Мунай», KazEcoGaz LTD17 и «Алпамыс Атырау» реализуют газ от 70 до 105 тенге за литр.

К примеру, в Караганде ТОО AlemGaz начал реализацию баллонов по цене от 1500



до 3000 тенге без стоимости доставки.

В Темиртау баллон на 25 литров стоит 2500 тенге, 50 литров - 5000 тенге.

В Жезказгане снизили стоимость балонного газа со 130 тенге до 88 тенге.

**Источник:https://www.facebook.com/akimat.priozersk**

# ПЛАНОВЫЕ РЕМОНТНО-ПРОФИЛАКТИЧЕСКИЕ РАБОТЫ НА ОБЪЕКТАХ ГОРОДА

**В плановом порядке осуществляются ремонтно-профилактические работы на объектах коммунальной инфраструктуры города, осуществляемые обслуживаемыми организациями. О проделанной работе на участках по состоянию на 12 января текущего года сообщает пресс-служба акимата города Приозерск.**




Так на **участке тепло-водоснабжения** были выполнены следующие работы:

- произведена изоляция трубопровода теплоснабжения диаметром 219мм. и длиной 7м. по Бульвару Женис ;

-произведена изоляция трубопровода теплоснабжения по ул.Гвардейская, 8/4 общей протяженностью в 23 м.

На **участке канализации**:

-выполнена очистка колодца у дома №29 по ул.Достык; и у дома №2а по ул.Наурыз;

-произведена очистка сеток от мусора на КНС №1,2,3.

На объекте **Водозабор № 2** проведены следующие плановые работы по обслуживанию оборудования:

- промывка фильтров 2 шт.;

- заменена сальниковая набивка на насосе №3 подъема №2.

Основные рабочие показатели объекта **Котельная №1:**

-на 17:30 часов 12 января на котельной №1 работает:

- котел №3, №4 и №5;

При наружной температуре окружающего воздуха в -6 С температура теплоносителя составила:

- на подаче 65 С;

- на обратке 49 С;

Силами персонала котельной произведен ремонт экономайзера №5

**Информация предоставлена пресс-службой акимата города Приозерск**

*Егеменді ел Тәуелсіздігі – бізге аманат!*

# БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ – ЕЛІМІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ

Өткен жылдың соңында бүкіл ел болып, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толу мерейтойлық мерекесін атап өттік. Отыз жыл – қас қағым сәттегідей аз уақыт болып көрінгенімен, еліміз үшін үлкен белес және асқаралы асу. Байтақ елдің тарихында жаңа Тәуелсіз Қазақстанның ең жарқын да, айтулы тарихы осы отыз жылдағы дамудың арқауында орнықты.



Адамзат өресінде тарихты ұлы адамдар жасайтыны шындық. Өскелең жас ұрпақ жаңаша дамудың маңыздылығы мен құндылықтарын терең түсінуі қажет. Қазақстан Республикасының өз алдына дербес ел болып, әлемге танылуы – мектептегі біз білім беріп жүрген жас буын үшін жүрек тербетер зор мақтаныш болып табы-лады. Әлем картасында Қазақстан Республикасы жер көлемінің үлкендігі жағынан тоғызыншы орын алады. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік тарихын білім нәрімен сусындап жүрген оқушыларға отыз жыл ішіндегі еңсерген жетістіктер арқылы түсіндіріп жеткізе аламыз. Көк байрақты егемені еліміздің тарихы мен жемісті даму жолын бүгінгі ұрпақтан бастап, келер ұрпақ ауыздарынан тастамай, мақтаныш сезімде айтып жүретіндігі анық.

Бүгінде еліміздің білім саласы заман талабына сай негізде жетілу мен жаңарып отыруды талап етеді. Тәуелсіздік жылдары білім саласындағы дарынды жастарды қалыптастыруға арналған тың жобалар жүзеге асырылды. Егеменді елімізде ел келешегі – өскелең ұрпақтың жаңаша түрде білім алуы мен жаңа дағдыларды меңгерулерін қамтамасыз етуге, сонымен бірге білім деңгейін арттыруға барлық мүмкіндіктер жасалған.

Күні кеше Елорда төрінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай, «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын табыстауға арналған салтанатты іс-шарада сөз сөйлеген Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Халқымыз жастарға әрдайым зор сенім артып, ерекше үміт күтеді. Ұрпақтың тәрбиелі, білімді және білікті болуына айрықша ден қойды», - деп, атап өткен болатын.

Басты құндылығымыз ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы – еліміз үшін қол жеткен маңызды меже, айтулы белес. Қазақстан халқы бұл кезеңге ірі жетістіктермен жетіп отыр. Ал, ендігі міндет – барымызды бағалап, жеңісті жолымызды жалғау. Біз әрдайым Тәуелсіздігімізді сақтауға, қорғауға және нығайтуға күш салуымыз қажет. Ол үшін татулығымыз берік, бірлігіміз бекем және ел Тәуелсіздігін баянды ету жолындағы әрбір жүзеге асырған ісіміз тиянақты болуға тиіс.

Тұғыры биік Тәуелсіз Қазақстанның көк Туы қашанда биікте желбіреп, бірлігі жарасқан халқымыздың болашағы әрдайым жарқын бола беретініне кәміл сенемін!

Жаңа 2022 жылдың табалдырығын аттаған тұста айтар тілегім, алдымен барша Приозерск қаласының тұрғындарына зор денсаулық пен бақ-береке тілеймін! Еліміз тыныш, жұртымыз аман және егемендігіміз баянды болғай!

**Асура Ильясова,**
***Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің 4 «ә» сыныбының жетекшісі***